KAZAKHMYS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2013 жылғы 12 қазан

ҚАЗАҚМЫС ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН ТАБЫСТАЙ ОТЫРЫП, «ЖЕЗҚАЗҒАНТҮСТІМЕТАЛЛ» ӨБ АКТИВТЕРІН ЖЕКЕ КӘСІПОРЫН РЕТІНДЕ ҚАЙТА ҚҰРАДЫ

Қазақмыста қайта құрылымдау жөніндегі бағдарламаны іске асыру жалғасуда. «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ-нің активтерін жер қойнауын пайдалану құқығын табыстай отырып, осы аттас жеке заңды тұлға ретінде қайта құру қарастырылуда.

Мұндай өзгерістер компанияның ұйымдық тиімділігін арттыруға бағытталған. Жеке заңды тұлға мәртебесі өзіндік құнды жасақтау, бюджеттерді жоспарлау мәселелерінде барынша айқындылықты қамтамасыз етіп, сатып алулардың құрылымын жеңілдетеді және салық салуды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Мұндай ұйымдық өзгерістер Қазақмыс Тобында бұрындары да өткізілген болатын. «Қазақмыс Бозшакөл» ЖШС, «Қазақмыс Ақтоғай» ЖШС, «Қазақмыс Энерджи» ЖШС және «Қазақмыс Жайсан» ЖШС соған мысал бола алады. Бұлардың барлығы да өздерінің жаңа заңды мәртебелеріне қарамастан, Қазақмыс Тобының құрамында қала береді.

Жаңа «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ-не Жезқазған кен орнындағы мыс кеніштерін игеру ісін жүзеге асыруға және Қарағанды облысындағы Жыланды тобының кен орындарындағы құрамында мыс бар кеніштерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы, сондай-ақ аталмыш келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын іске асыруға қажетті мүлікке деген құқық беріледі.

Компания бұған дейінгі жағдайлардағыдай, қызметкерлер санының қысқартылуы мен еңбек жағдайларының өзгертілуі болмайтынын атап өтеді. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптары аясында жұмыскерлермен еңбек қарым-қатынастары ешбір өзгеріссіз жалғасады. Бұл жағдайда жұмыскерлердің еңбек шарттарына еңбек жағдайларына әсер етпейтін, тек жұмыс берушінің атауы өзгертілуіне ғана қатысты өзгерістер енгізілмек. Жұмыскерлердің еңбек өтілі үзілмейді, кезекті еңбек демалыстары бұрын бекітілген кестелер бойынша толық көлемде жүзеге асырылады. Еңбекақыларының мөлшері мен әлеуметтік пакеті бұрынғы деңгейде сақталады.

«Жезқазғантүстіметалл» ӨБ-ін осы аттас жеке заңды тұлға ретінде қайта құру рәсімі шамамен бір жылға созылады деп күтілуде. Бұл ретте қайта құрылымдаудың көптеген мәлелелері мемлекеттік реттеуші мекемемен келісу мерзіміне тікелей қатысты болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар бойынша хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7882**
Мария Бабкина	Корпоративтік байланыстар департаменті басшысының орынбасары, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7849**
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	**Тел: +77 27 2440 353**
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	**Тел: +7 701 6136622**

College Hill

Дэвид Саймонсон	**Тел: +44 20 7457 2031**
Анка Спиридон	**Тел: +44 20 7457 2842**

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс – мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеумен айналысатын халықаралық жетекші топ болып табылады.

Қазақмыс – Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 16 кенішке, 9 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алыңғы қатарлы мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі кен өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2012 жылы меншікті кеннен 292 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндірілді. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі тасымалдарымен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтамасыз етіліп тұрады.

Kazakhmys Mining бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2012 жылы Қазақмыс 152 мың тонна мырыш концентратын өндірді. Топ әлемдегі ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады – 2012 жылы 12,6 млн. унция күміс өндірді.

Kazakhmys Power Қазақстандағы ең ірі электр станцияларының бірі болып табылатын Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық үлесіне ие. Электр станциясында өндірістік қуаттылығын 3 000 МВт-тан 4 000 МВт-тық өз жобалық қуаттылығына жеткізуге мүмкіндік беретін модернизациялау бағдарламасы іске асырылуда. Kazakhmys Power бөлімшесінде Kazakhmys Mining бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2012 жылы Топтың ағымдағы қызметінен келген табысы 3,4 млрд. АҚШ долларын, ал көрсеткіші 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым бөлігі Қазақстан азаматтары. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.